


2-тарау.

Қоғамдық ұдайы өндірістегі қаржы қызметінің мәні, функциялары, рөлі мен принциптері



2.1. Қаржылық қатынастардың экономикалық мәні, мазмұны мен белгілері

Қаржының мәнін жиынтық қоғамдық өнім мен ұлттық кіріс құнының бөлігін бөлу мен қайта бөлумен байланысты өндірістік қатынастар нысаны ретінде анықтауға, осының негізінде ақшалай қаражаттардың орталықтандырылған және орталықсыздандырылған қорларын қалыптастыру мен пайдалануға болады.

Ақшалай қаражаттардың нақты қозғалысы, нақты ақша ағынының болуы қаржы қатынасының міндетті шарты болып табылады. Егер де олар болмаса, қаржы да болмайды. Сонымен қатар қорлардағы ақша қалдықтары да ақша қозғалысының жеке оқиғасы болып табылады.


Қаржыны экономикалық категориялар қатарынан шығара отырып, оларды тек құбылыс ретінде ғана қарастырып қоймай, олардың мәнін де зерттеу қажет. Қаржының мәні қоғамдағы ақша қатынастарын қамтитын, өндірістік қатынастар процесімен тығыз байланысты.

Қаржы қоғамдық-экономикалық формацияның негізі, жиынтық қоғамдық өнімнің құнын бөлу және қайта бөлудегі қатынастардың бөлігі болып табылатын өндірістік қатынастардың қосалқы жүйесі түрі; қоғам субъектілерінің арасында пайда болатын ақшалай қатынастарының жиынтығы. Қаржы ақшалай қатынастар қатысында қайталама болып табылады.

Қоғамдық өнімнің кеңейтілген ұдайы өндіріс процесі қозғалыстың өзара байланысты және бір біріне ауысатын төрт сатысын қамтиды: өндіріс, бөлу, айырбас және тұтыну.

Қаржы қоғамдағы ақшалай қатынасты қамтитын және қоғамдық өнімді бөлу процесінде жүзеге асырылатын, тарихы қалыптасқан экономикалық категория.

Нарықтық экономикада тауарлы өндіріске негізделген, қоғамдық өнімнің қозғалу сатысы қоғамдық өндіріске қатысушылар арасында тауарлы-ақшалай қатынастардың болуын қарастырады. Сонымен қатар өндірілген өнім сатып алу-сатуға жататын тауар ретінде қолданылады. Өнім тұтыну сатысына түскенге дейін ең алдымен өндіріс, бөлу және айырбас сатыларынан өтеді. Бөлу процесінде қоғамдық өндірістің барлық сатыларында қызмет ететін, қоғамдық қатынасқа қатысушылардың барлығының қажеттіліктері мен мүдделері қанағаттандырылады:



Көрсетілген тізбектегі барлық төрт саты экономикалық ұдайы өндіріс циклын құрайды.

Ақшаның нақты қозғалысы ұдайы өндіріс процесінің екінші және үшінші сатылары – бөлу мен айырбаста орын алады. Екінші сатыда құнның ақшалай нысандағы қозғалысы тауар қозғалысынан оқшауланады және оның иеліктен шығарылуымен (бір иенің қолынан екіншісіне өтуі) немесе құнның әрбір бөлігінің нысаналы оқшаулануымен (бір иенің шеңберінде) сипатталады. Үшінші сатыда бөлінген құн тауар нысанына айырбасталады. Бұл жерде құнның иеліктен шығарылуы болмайды. Осылайша, ұдайы өндірістің екінші сатысында құнның ақшалай нысандағы бір жақты қозғалысы, ал үшінші сатыда бірі ақшалай нысанда, екіншісі тауарлы нысанда болатын құнның екі жақты қозғалысы орын алады. Ұдайы өндірістің үшінші сатысында қайсібір қоғамдық құралды қажет етпейтін айырбас операциялары жүзеге асырылады, мұнда қаржыға орын жоқ.

Тауарлы-ақшалай қатынастар қаржылық қатынас болып табылмайды, ол азаматтық құқық пәні болып есептеледі. Мысалы, бюджеттік мекемелер бюджеттен ақша ала отырып, бюджетпен

қаржылық қатынасқа түседі, ал олар қандай да бір тауар ала отырып және өзінің қызметкерлеріне жалақы төлей отырып тауарлы-ақшалай және эквивалентті сипатта болатын еңбек қатынасына түседі.

Қайта құралған құн бөлуге ұшыраған жағдайда ғана ұдайы өндірістің әрбір келесі сатысы болуы мүмкін, нәтижесінде әртүрлі қажеттіліктерді қанағаттандыруға негіз болатын нысаналы ақшалай қорлар құрылады және ол иесіздендірілген нысанда болады.

Құн өлшемі және жалпы эквивалент ретінде ақша тауар мен қызметтің құнын өлшеу үшін қолданылады. Ақшалай қатынастар экономикалық категориялар қатарына жатады және өндірістік қатынастарға енгізіледі.

Қаржы, ұдайы өндіріс процесінің, қоғамдық өнім құнын нысаналы тағындалуы және шаруашылық субъектілері бойынша бөлу жүзеге асырылатын екінші сатысында жүргізіледі және қызмет етеді, олардың әр қайсысы өндірілген өнімдегі өз үлесін алулары қажет.

Қаржының мәнін түсінуде қаржының ұдайы өндіріс және бөлу концепциясы басым болады. Сонымен қатар алдыңғы рөл мемлекеттік қаржыға беріледі.

«Қаржы» түсінігі қоғамдық өнімнің ақшалай нысандағы ұдайы өндірісі бойынша экономикалық қатынастардың, яғни құнның қозғалысымен байланысты экономикалық қатынастардың кең облысын қамтиды.

Қаржы объективті экономикалық заңдардың әрекеттеріне қызмет ететін экономикалық категория болып табылады. Бұл заңдарды анықтау, оларды пайдалануда ұсыныстарды жасау – қаржы ғылымының басты тапсырмасы.

Ұзақ уақыттар бойы қаржы ғылымы қаржы категориясын қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін мемлекет және ақша қатынасына қатысатын бірқатар қатысушылармен пайдаланылатын ақшалай қаражаттардың сомасы ретінде жеңілдетілген түрде, кеңестік кезеңде – кеңестік мемлекеттің иелігінде, оның шаруашылық-ұйымдастыру және мәдени-тәрбие беру, кеңестік меншікті қорғау мен елдің қорғанысы қызметін жүзеге асыру үшін жинақталған ақшалай қаражаттары ретінде қарастырылды.

Қаржы қатынасының әлеуметтік-экономикалық мәні маңызды болып табылады, оны зерттеу келесі сұрақтарға жауап алуға мүмкіндік береді: мемлекеттің орталықтандырылған ақшалай қорларын ресурспен кімдер жабдықтайды және оны кімдер тұтынады; бұл қаражаттар кімнің мүддесі үшін жұмсалады?.

Егер де XIX ғасырда қаржыны пайдаланудың негізгі ауыртпалығы халыққа түссе, XX ғасырда өндіргіш күштердің, ғылыми-техникалық прогрестің орасан зор дамуы, мемлекет қызметінің кеңеюі, нарықтық экономикасы дамыған елдердегі қоғамдық өмірдің демократияландырылуы негізінде мемлекеттік қаржы сферасында маңызды өзгерістер пайда болды. Мемлекеттік қаржының маңызды бөлігі халықтың кең жігінің пайдасына, әлеуметтік мақсаттарға бөліне бастады. Оның ішінде білім беру, денсаулық сақтау шығындары өсті, бюджеттен тыс әлеуметтік қорлар дами бастады.

Әлімнің бірқатар елдерінде мемлекеттік бюджеттің алғы баптары болып ірі әскери шығындар, мемлекеттік қарызға қызмет көрсету шығындары, ал қаражаттарды алушылар болып әскери-өнеркәсіптік кешендер, сақтандыру компаниялары, банктер, акционерлік қоғамдар және т.б. табылады. Көп жағдайларда экономиканы милитарландыру деңгейі мемлекеттік бюджет құрылымындағы әлеуметтік мақсаттарға бөлінетін шығындар үлесін анықтайды. Әскери шығындардың жоғарғы деңгейі әрдайым әлеуметтік шығындардың қалдықтық принципімен үйлеседі, бұл жағдай бұрынғы КСРО-ға тән.

Қаржы ғылымы қоғамның әртүрлі деңгейіндегі орталықтандырылған және орталықсыздандырылған ақшалай қорларын құру, бөлу және пайдалану бойынша экономикалық қатынастарын зерттейді; қаржыгер ғалымдар жүргізген зерттеулердің әсерінен қалыптасады, қаржы тәжірибесінде тексерілген қаржылық теорияны құрады.

Қаржыгер ғалымдар өздерінің көзқарастарын жүйелендіреді, қаржы қатынастарының түсінігін тереңдетеді, объективті әрекеттегі экономикалық заңдылықтарды ашады, әртүрлі деңгейдегі экономикалық субъектілердің, оның ішінде мемлекеттің қаржы саясатының негізі болып табылатын қаржы қатынастарын оңтайландыру бойынша ұсыныстар жасайды.

Мемлекеттің фискалдық саясаты мен қаржы заңдылығы қаржы қатынастарын зерттейтін қаржыгер ғалымдардың жасаған теориялық ережелеріне негізделеді, сондықтан әртүрлі қаржы категорияларын (мемлекеттік кірістер мен шығыстар, салықтар, несие, бюджет) зерттеу қажет, өйткені олар қаржы облысында ғылыми білімді қалыптастырады.

Қаржы экономикалық субъектілерде ақшалай қаражаттардың қозғалысы ретінде көрінеді. Бұл қозғалыс ақшалай қаражаттарды бір иеден келесісіне нақты және нақтысыз есеп айырысу түрінде беруді сипаттайды. Экономикалық субъектілер ретінде мемлекет те, фирмалар да, үй шаруашылығы да, шетелдік сектор да қатысады. Олардың арасында құн қозғалысы елдің экономикалық жүйесінде жүзеге асады. Мемлекеттік қаржы – қаржы қатынастары жүйесіндегі орталық кең облыс, ал мемлекет қаржы қатынасының барлық сфераларында реттеуші болады.

Тауарлы-ақшалай және таза ақшалай қатынастар процесінде, жеке экономикалық категория болып табылатын, құн қозғалысы жүзеге асады және қаржыға қатысты бастапқы болады. Қаржы құнның сипатталу нысаны болып табылады.

Мемлекет сонымен қатар қоғамда құнды көбейтуге, соңынан ұлттық кіріс түрінде құрылған құнды елді тұрақтандыру немесе оның экономикалық өсуін қамтамасыз ету мақсатында экономиканың әртүрлі сфераларына қайта бөлу үшін құнның көбеюіне де қатысады.

Қаржы операциялары ақшаның қатысуын талап етеді. Ақша әртүрлі экономикалық категория болып табылатын баға, жалақы, қаржы, несие көмегімен жүзеге асырылатын қоғамдық өнімнің барлық құнының қозғалысын пайдаланады.

Қаржының өзі ақшалай нысанда болады және құндық экономикалық категорияға жатады. Сондықтан қаржының маңызды белгісі – қаржы қатынасының ақшалай сипаты. Ақшаның болуы қаржы қызметінің міндетті шарты мен негізі. Ақшасыз қаржы қатынасы болмайды, бірақ барлық ақша қатынастары қаржы қатынасы болып саналмайды.

Қаржы ақшадан мазмұны бойынша да, атқаратын қызметі бойынша да ерекшеленеді. Ақша – жалпыға бірдей эквивалент, оның

көмегімен айналыс, құн өлшемі, төлем, жинақтау, әлемдік ақша қызметін атқаратын, қоғамға қажетті еңбек шығындары өлшенеді.

Қаржы – ЖІӨ мен ҰК бөлу және қайта бөлудің экономикалық құралы, ақшалай қаражаттар қорын құру мен пайдалануына бақылау жасау құралы.

Экономикалық категория ретінде қаржының әрекет етуі мен дамуындағы алғы заң құн заңы.

Мемлекет қаржы жүйесін қоғам қажеттілігіне байланысты ірі ақшалай ресурстарды өз қолына жинақтау үшін пайдаланады.

Қоғамдық өнімнің құнын алғашқы бөлуде ол құраушы элементтерге бөлінеді (К.Маркс бойынша – C, V, M), ақшалай кірістердің әртүрлі қорлары құрылады (айналым қаражаттары қоры, амортизациялық қор, әлеуметтік сақтандыру қоры, жалақы қоры, пайда). Одан ары қарай құнның осы элементтерін қайта бөлу жүргізіледі.

Алынған кірістің бір бөлігі ауысқан құнның орнын толтырады. Жалпы және әкімшілік шығындарының құрамына енетін әлеуметтік сақтандыру аударымдары (жалақы қорына салық) мен басқалай салықтар (корпоративтік табыс салығынан басқа) нысанындағы қосылған құн бөлігі, сонымен қатар пайдадан корпоративтік табыс салығы мемлекеттің орталықтандырылған қорларды қалыптастыру үшін мемлекет иелігіне аударылады, ал құнның қалған бөлігі тауар өндірушіде қалады. Алынған, бөлінбеген кірісті фирма қорларға бөледі. Олар кәсіпорын дамуында әртүрлі шараларды қаржыландырудың көзі ретінде пайдалана бастайды. Жалақы қорының бір бөлігі жинақтаушы зейнетақы қорына аударылады.

Материалдық өндірісте өндірілген, ақшалай нысанда жеке қозғалыста болатын құнның бөлігі болып табылатын мемлекеттік кірістер қаржылық қатанас сферасына қосылады. Сонымен бірге мемлекет халықтың салықтар, ерікті төлемдер, заемдар, лотореялар мен жинақтар нысанындағы ақшалай қаражаттарын жұмылдырады.

Ақшалай қаражаттардың орталықтандырылған қорларын (мемлекеттік бюджет, әлеуметтік сақтандыру қорлары, әртүрлі нысаналы бюджеттен тыс қорлар) қалыптастыру арқылы мемлекетте мемлекеттік бюджетті толықтыру немесе оны пайдалану нысанындағы қаржылық қатынас пайда болады.

Бюджеттік қаражаттарды нысаналы пайдалануда қоғамның өндіргіш күштерін дамытуға, экологиялық, әлеуметтік, ғылыми, аймақтық тапсырмаларды және т.б. шешуге бағытталған нысаналы ұзақ мерзімді мемлекеттік бюджеттік бағдарламалар маңызды рөл атқарады.

Ұдайы өндіріс процесінің барлық сатыларынан өткеннен кейін қоғамдық өнім үш қорды құрайды: орнын толтыру қоры (С), тұтыну қоры (V) және жинақтау қоры (М). Орнын толтыру қоры тұтынылған капиталды өтеуі қажет, жинақтау қоры өндірісті кеңейту үшін пайдаланылады, ал тұтыну қоры түпкілікті тұтынылады және одан әрі қозғалыстан шығарылады.

Қаржы қатынасын жіктеуге қажетті критерийлер ретінде субъектінің қоғамдық ұдайы өндірістегі рөлі, мақсаты, қаржы қатынасы табиғаты бөлгіш болғандықтан құнды бөлу бағыты болуы мүмкін.

Осылайша, қаржы мемлекеттің функциялары мен тапсырмаларын жүзеге асыру және кеңейтілген ұдайы өндіріс жағдайын кеңейту мақсатында ақшалай қаражаттардың орталықандырылған және бөлшекті қорларын қалыптастыру, бөлу және пайдаланумен байланысты экономикалық қатынасты сипаттайды.

Орталықтандырылған қаржы мемлекеттің бюджеттік жүйесі мен үкіметтік бюджеттен тыс қорларда шоғырландырылған ақшалай қаражаттар қорын қалыптастыру және пайдаланумен байланысты экономикалық ақшалай қатынастарды сипаттайды.

Қаржы ақшалай қатынастардың бөлігі, бірақ барлық ақшалай қатынастар қаржы қатынасын сипаттамайды. Қаржы ақшадан мазмұны бойынша да, атқаратын функциясы бойынша да ерекшеленеді.

Қайта құрылған құн және өндіріс процесінде тұтынылған өндіріс құралдары мен жабдықтарын алып тастағандағы жалпы ішкі өнім болып табылатын елдің ұлттық кірісі ақшалай кірістер мен қорлардың басты материалдық көзі болып табылады. Ол қоғам қажеттілігін қанағаттандыру мен қоғамдық өндірісті қанағаттандыру мүмкіндігін анықтайды. Оның жекелеген бөліктерінің мөлшерін есепке ала отырып – тұтыну қоры мен

жинақтау қоры – экономика дамуының үйлесімділігі мен оның құрылымы анықталады.

Қаржы – ұлттық кірісті құру мен пайдалану арасын байланыстырушы тармақ, қаржының қатысуынсыз ұлттық кірістің шоғырландырылуы да, бөлінуі де мүмкін емес.

Қаржы базисті категория болып табылады, үкіметтің жүргізетін қаржы саясатына тәуелді болады, өндірістік қатынастардың белгілі сферасын сипаттайды, объективті сипатта болады және қоғамдық өнім қозғалысының барлық сатыларына әсер етеді.

Қаржының материалдық мазмұны – бұл елдің қаржы ресурстарын жиынтық түрде сипаттайтын, ақшалай қаражаттардың нысаналы қорлары. Осыған байланысты ұлттық кірістің ұлғаюы қаржы ресурстары көлемінің өсуінің маңызды факторы болып табылады.

Қаржы қатынасының дамуын өндірістік қатынастардың бөлігі ретінде қаржы ғылымы, ресурстарды емес, ресурстарды құру, бөлу және пайдалану негізінде пайда болған қоғамдық қатынастарды зерттейді. Сондықтан қаржы ресурстары өз бетінше қаржының мәнін анықтамайды, олардың ішкі мазмұны мен қоғамдық тағайындалуын ашпайды, зерттеу пәні емес, объектісі болып табылады.

Бөлу процесі, сонымен қатар баға мен несиені пайдалану жолымен жүзеге асырылады. Баға тауар құнының ақшалай сипаты, өнімді оның меншік иесіне өткізуден түскен ақшалай қаражаттар шамасын анықтайды және қаражаттарды одан әрі бөлудің негізі болып табылады. Бағаның қайта бөлу функциясы бағаның күрт өсу жағдайында күшейеді. Баға тауарларға деген сұраныс пен ұсынысқа, ұдайы өндіріске әсер ету факторы болып табылады.

Қайта бөлу процесі несие қатынастары сферасында ең үлкен көлемде болады. Қаржы және несие – жеке, бірақ өзара байланысты категориялар. Олардың үйлесімділігі кәсіпорынның ақшалай қорларының, өндірістің дамуының ауыспалы айналымын қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасында несие ресурстары сонымен қатар мемлекеттік бюджеттің тапшылығын жабу үшін де тартылады.

Банктер кәсіпорындар мен халықтың еркін ақшалай қаражаттарын шоғырландырады, оларды қажет ететін кәсіпорындар мен халыққа қамтамасыз етілу, қайтарымдылық, төлемдік және

мерзімді принцип бойынша береді. Несие қатынасының қаржы қатынасынан ерекшелігі несиенің белгілі мерзімде несиені берушіге, оларға қойылған пайызды төлеумен қайтарылу қажеттілігінде, ал қаржы құнның бір жақты және көбінесе қайтарымсыз қозғалысын сипаттайды.

«Қаржы» және «ақша» түсініктері әртүрлі. Біріншісі материалды және сезілмелі емес; екіншісі материалды және сезілмелі. Олардың әр қайсысы қоғамдық жүйеде айрықша ерекшелікке және экономикалық шекараға, әртүрлі функцияға ие.

Ақшаның ерекшелігі жалпыға бірдей эквивалентті сипаттауында, ақша тауар өндірісіне қоғамдық қажетті еңбек шығынын өлшеуге пайдаланылады және құн өлшемі функциясын атқарады, айналыс құралы, төлем құралы, жинақтау құралы, әлемдік баға құралы.

«Қаржы» түсінігі ақшалай төлемді, кірісті сипаттайды. Қоғамдық өндіріске қатысатын әртүрлі субъектілер арасындағы, ақшалай төлем нысаныда жүзеге асырылатын операциялар қаржылық болып есептеледі. Ақша нарық субъектілерінің материалдық өндіріс процесіне мен тауар айналысы сферасында да, қызметтің өндірістік емес сферасында да қызмет етеді.

Материалдық өндіріс сферасында сатылған өнім ақшаға айырбасталады, өткізуден түскен түсімді немесе кірісті құрайды. Тауар өндіруші кірістің бұл сомасын өндірістік шығындарды (жабдықтаушыларға шикізат, жұмысшыларға жалақы үшін төлем, салықтар, басқалай салықтық емес төлемдер) жабуға бағыттайды. Сонымен қатар ақшалай қаражаттардың бір субъектіден келесі субъектіге қозғалысы нақты және нақтысыз нысанда болуы мүмкін.

Тауар айналысы сферасында ақшаның қатысуымен айырбас операциялары да жүзеге асады.

Қызметтің барлық өндірістік емес сфералары (білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, өнер, басқару сферасы, қорғаныс және т.б.) қоғамдық тағайындалуды атқарумен байланысты, қажеттіліктерді қанағаттандыратын ақшалай қаражаттардың қажетті көлемін таба отырып, қызмет атқарады.

Жеке тұлғалар, азаматтар мемлекеттік бюджетке әртүрлі салықтар мен алымдарды төлейді. Занды тұлға құрмаған жеке кәсіпкерлер өз қызметтерін жүзеге асыра отырып кіріс алады, алынған кіріс олардың әртүрлі, оның ішінде қоғамдық маңызды сипаттағы қажеттіліктерін қанағаттандырудың көзі болып табылады.

Көрсетілген операциялар шеңбері ақшалай қаражаттардың бір иеден келесісіне ақшалай төлемдер нысанындағы қозғалысы арқылы жүзеге асырылады. Бұл операциялар қаржылық операциялар қатарына жатады, ал ақшалай қаражаттар қозғалысы процесінің өзі, ақша ағыны қаржы деп аталады.

Қаржы – бұл ең алдымен жалпы ішкі өнімді бөлу және қайта бөлу құралы. Олардың тағайындалуы қоғам субъектілерінің әртүрлі қажеттіліктерін ақшалай кірістер мен қорларды құру жолымен қамтамасыз етуде және оларды эквивалентсіз негізде пайдалауда болып табылады. Мысалы, жалақы төлеу – қаржылық қатынас емес, ал сыйақы төлеу – қаржылық қатынас.

Қаржы – ақшалай қаражаттар емес және ақшалай кірістер де емес, ол экономикалық, қаржылық, өндірістік, қоғамдық қатынастардың бөлігі болып табылатын ақшалай қаражаттар қорын құру, бөлу және пайдалану бойынша қатынас. Сонымен қатар ЖІӨ бір меншік иесінен келесісіне ақшалай нысанда беріледі.

Экономикалық типтегі қоғамдық қатынас қоғамдық өнім қозғалысының барлық сатысында, басқару деңгейлерінде, қоғамдық өмір сфераларында пайда болады. Бір текті өндірістік қатынастар экономикалық категорияларды – теориялық тұлғалауды, өндірістің нақты қалыптасқан қоғамдық қатынасының абстракциясын қалыптастырады.

Қаржы өзін ақшалай қаражаттар қозғалысы арқылы көрсетеді. Қаржылық операциялар міндетті түрде, біріншіден, ақшалай қаражаттардың бір иеден келесісіне өтуін, екіншіден олардың нысаналы белгіленуін бекітеді.

Қаржы жалпы ұлттық өнім құнын қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін, қаржы ресурстарын қалыптастыру мен пайдалану жолымен бөлу жөнінде пайда болған ақшалай қатынастардың бөлігін сипаттайды.

Қаржы қатынастарының нысаны қаржының экономикалық категория ретіндегі материалдық-заттай ауысуы мен мазмұны болып табылады. Қаржы ресурстарын бөлу мен пайдалану қор және қорға жатпайтын нысанда жүзеге асырылуы мүмкін.

Қаржы ресурстарын пайдалану процесі ақшалай қаражаттар қорын қалыптастырумен үйлеспеген жағдайда қаржы ресурстарын пайдаланудың қорға жатпайтын нысаны орын алады. Мысалы, заңды тұлғалардың корпоративтік табыс салығын төлеуі валюталық пайда есебінен жүзеге асырылады.

Қор нысаны, нысаналы тағайындалуы мен құқықтық мәртебесі бар, ақшалай қаражаттардың жалпы жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатындықтан, қаржылық қорларды құру мен пайдалануды қарастырады.

Қаржылық қорлар келесідей ерекшеліктерге ие: олардың көздері болып субъектінің меншікті қаржы ресурстары табылады; олардың нысаналы тағайындалуы бар; қайтарымсыз негізде пайдаланылады; үнемі қалыптастыру мен пайдалану процесінде болады, яғни олар серпінді, бөлшектенуі немесе іріленуі мүмкін.

Қаржы ресурстарын қор нысанында пайдалану ең ұтымды болып табылады, кеңейтілген ұдайы өндірістің қажеттіліктерімен объективті түрде анықталады; қаржы ресурстарының нысаналы тағайындалуы мен нақты пайдалануы қаржылық бақылауға бейім, сондықтан ол қаржы ресурстарын қорға жатпайтын нысанында пайдалануға қарағанда анық сипатталған артықшылыққа ие.

Қор нысаны шаруашылық субъектілерінің кез келген қажеттіліктерін, оның экономикалық мүмкіншіліктерімен тығыз байланыстыруға мүмкіндік береді, өйткені қорлар алдын ала қалыптастырылады және нысаналы тағайындалуда болады, сондықтан оларда қаржылық ресурстар шоғырландырылады, бұл бекітілген мақсаттарды уақытында қаржыландыруға мүмкіндік береді. Оларды құру арқылы кеңейтілген ұдайы өндіріс процесін жақсы және терең бақылауға болады.

Осылайша, қаржы ақшалай қаражаттар қорын құру мен пайдалану процесіндегі экономикалық қатынасты сипаттайтын маңызды экономикалық категория болып табылады. Олар нату-

ралды шаруашылықтан қалыпты тауарлы-ақша айырбасына, тауар шаруашылығына өту кезінде пайда болды және мемлекеттің дамуымен, оның ресурстарға деген қажеттілігімен тығыз байланысты.

Қаржының маңызды белгісі болып оның ақшалай нысаны мен нақты ақша ағыны саналады.

Қаржының пайда болуы және қызмет атқаруының жалғыз сферасы болып қоғамдық өнімнің құнын нысаналы тағайындау мен шаруашылық субъектілеріне бөлу жүзеге асырылатын, олардың әрқайсысы өндірілген өнімдегі өз үлесін алулары қажет болатын ұдайы өндіріс процесінің сатысы саналады. Тек осының өзі ғана экономикалық категория ретіндегі қаржының маңызды белгісі болады және қаржы қатынасының бөлу сипатын нақтылайды.

Қаржы қатынасының пайда болуының алғашқы сферасы болып қоғамдық өнім құнын алғашы бөлу процесі саналады, мұнда ол құн құраушы элементтерге бөлінеді және ақшалай кірістер мен жинақтардың әртүрлі нысандары құрылады. Құнды одан әрі шаруашылық субъектілері арасында бөлу мен оның нысаналы тағайындалуын нақтылау да қаржы негізінде жүзеге асырылады.

Ақшаның болуы қаржының қызмет ету шарты болып саналады. Шаруашылық субъектілері мен мемлекеттің өз қызметтерін жүзеге асыру үшін қажетті ресурстарға деген қажеттілігі қаржының пайда болу себебі болып табылады.

Экономиканың әртүрлі сфераларындағы қаржы қатынастары өзінің ерекшеліктеріне ие.

Мысалы, мемлекеттік және муниципалды қаржылар республикалық және аймақтық деңгейде қаржы ресурстарының орталықтандырылған қорларын қалыптастыру, бөлу мен пайдалануда нақты ақша айналымынан пайда болатын экономикалық қатынастардың жиынтығын сипаттайды.

Кәсіпорын қаржысы – кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелердің қаржы ресурстарының орталықтандырылған қорларын қалыптастыру, бөлу мен пайдалануда нақты ақша айналымынан пайда болатын экономикалық қатынастардың жиынтығы.

Сақтандыру – кінәлі тараптың келтірген материалдық шығыны мен тәуекелді жабуға арналған қаржы ресурстарының қорларын қалыптастыру, бөлу мен пайдалануда нақты ақша айналымынан пайда болатын экономикалық қатынастардың жиынтығы.

Үй шаруашылығының қаржысы – үй шаруашылығы секторында ақшаның нақты айналымынан пайда болған экономикалық қатынастар.

Қаржы экономикалық категория ретінде қаржы жүйесінің бұ-ындары арасындағы қатынасы ретінде анықталады.

Қаржы ресурстары мемлекеттің қаржы ағынын басқарудың интеграцияланған жүйесі шеңберінде жедел және статистикалық есептілік негізінде бөлінеді және пайдаланылады, яғни оны атқару бойынша шешім қабылдау мен бақылау үшін ақпаратпен қамтамасыз ету.

Қаржының нысаналы бағыты қоғамының жекелеген жіктерінің белгілі әлеуметтік және саяси мүдделерін қорғайды және экономикалық субъектілердің нақты тапсырмаларын шешуге бағытталған.

Экономиканы нарықтық қайта құруда қаржы қатынасы жүйесі өзгереді. Салық пен салықтық емес төлемдердің өсуімен, дотациялар мен жеңілдіктердің берілуімен, коммерциялық ұйымдар мен банктердің қызмет сфераларының тереңдеуімен байланысты мемлекеттің шаруашылық субъектілерімен қатынасы кеңейеді.

«Қаржы» түсінігіне барлық қаржы қатынастарының жиынтығы, сонымен қатар мемлекет пен кәсіпорындардың (ұйымдардың) иелігіндегі ақшалай қорлардың қаражаттарының жиынтығы енеді.

Егер де кәсіпорынның шаруашылық қызметі процесінде материалдардың қозғалысы бір бөлімшеден келесі бөлімшеге, оларды ақшалай қаражаттарды төлеусіз жүзеге асырылса, онда осындай операцияларда материалдық құндылықтардың құнын ақшалай сипаттау тек қана шаруашылық процестерін есепке алу мен бақылау үшін жүргізіледі және қаржыға жатпайды, себебі онда ақша ағыны болмайды.

«Қаржы» түсінігі ақшалай қаражаттарды бөлумен, қайта бөлумен және пайдаланумен байланысты ақшалай қатынастарды қамтиды.

Қаржы – бұл ақша емес. Ақша алғашқы, қаржы екінші. Қаржы қаржы қорларына, қаржы ресурстарына және т.б айналған кезде олар ақшаға айналады.

Қаржы – экономикалық ақша қатынастарының жүйесі, олардың көмегімен ақшалай қаражаттар қорлары құрылады және жұмсалады.

Қаржы – бөлу сипатына ие, ақшалай нысанда сипатталатын және ақшалай кірістер мен жинақтарға материализацияланатын, кеңейтілген ұдайы өндіріс, жұмысшыларды материалдық ынталандыру, әлеуметтік және басқалай қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында мемлекет пен шаруашылық субъектілерінің қолдында қалыптасатын объективті шарттасылған экономикалық қатынастар жиынтығы.

Қаржы мемлекеттің мемлекеттік бюджеттік жүйесі мен үкіметтің бюджеттен тыс қорларына шоғырландырылған, орталықтандырылған ақшалай қорларын қамтитын, сонымен қатар кәсіпорынның мемлекет функциялары мен тапсырмаларын атқаруға және кеңейтілген ұдайы өндірісті қамтамасыз етуге қажетті ақшалай қаражаттардың бөлшекті қорларын; халықтың өмір сүруі үшін қалыптастыратын және пайдаланылатын ақшалай қорлары.

Осылайша, қаржы қатынасының белгісі болып қоғамдық өндіріске қатысушылардың нысаналы тағайындалаған ақшалай қорларының қозғалысы табылады, олар қаржы қатынасының объектісі болады және қоғамдық даму мақсатында олардың қажетті құрылу көлемі мен пайдалану бағытын алдын ала қарастыратын қаржы әдістері көмегімен реттеледі.

Барлық қаржы операциялары құнның ақшалай нысанға бір жақты эквивалентсіз қозғалысына негізделген.

Құнды қаржы көмегімен бөлу және қайта бөлу оларды пайдаланудың қор және қор емес нысанындағы қаржы ресурстарының ерекше нысанына енетін ақшалай қаражаттардың міндетті қозғалысымен үйлеседі.

Қаржының қарастырылған мінездемелік белгілері осы экономикалық категорияны басқа категориялардан бөлуге және қаржының ерекшелігін сипаттауға мүмкіндік береді.

Осылайша, қаржы шаруашылық субъектілері мен мемлекеттің ақшалай қорларын қалыптастырумен байланысты, жалпы қоғамдық өнім мен ұлттық кірістің бөлігін бөлу және қайта бөлу

мен оларды ұдайы өндіріс, ынталандыру мен қоғамның әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру процесінде пайда болатын ақша қатынастарының жиынтығын сипаттайды.

Экономикалық категория ретінде қаржы қоғамда бөлу қатынасына қатысушы болып табылады және барлық өндірістік процеске реттеуші әсер етеді.

Қаржының қызмет етуінің экономикалық негізі болып құнның ақшалай нысандағы қозғалысы табылады.

Осыған байланысты қаржының ақшалай сипаты экономикалық категория ретінде қаржының бірінші ерекше белгісі болып табылады.

Бұл қаржының ең басты белгісі – бөлу мен айырбаста ақшалай қаражаттардың нақты қозғалысындағы қаржы қатынасын сипаттаудың ақшалай нысаны.

Бірақ қоғамдық жүйеде ақшалай сипаттағы, өздерін құнның ақшалай нысанының қозғалысы ретінде көрсететін бірқатар экономикалық категориялар қызмет етеді, сондықтан ақша қатынасының барлық жүйесінен қаржыны бөлу мақсатында олардың экономикалық табиғатын белгілеу қажет.

Егер де салықтар тауар нысанында төленетін болса, онда олар қаржыға жатпайды. Айырбас процесінде екі ағын бір біріне қарай қозғалады: тауарлы және ақшалай, яғни тауарлы және ақшалай нысандағы құн. Бұл қаржы қатынасына жатпайды.

Қаржы операциялары процесінде біз құнның ақшалай нысандағы қозғалысын ғана емес, оның бөлінуін де қарастырамыз. Мысалы, салықтарды төлеу бойынша қаржы операциялары әртүрлі салықтар түрінде кәсіпорындардың мемлекеттік бюджетке ақшалай төлем нысанында төленетін, ұлттық кірістің бөлігі ретінде жүзеге асырылады. Бөлу кезіндегі қозғалыс ақша эквиваленті түрінде ғана болады, сонымен қатар бір жақты болады, дегенмен ақшаны қайтару процесі де болуы мүмкін. Қаржы тек бөлумен ғана байланысты.

Сондықтан экономикалық категория ретінде қаржының екінші ерекше белгісі болып олардың бөлгіштік және эквивалентсіз сипаты табылады.

Қаржының келесі ерекшелігі болып құнның ақшалай нысанының бір жақты қозғалысы саналады, бұл да айрықша ерекшелік ретінде қарастырылады.


ЖІӨ құнын қаржы көмегімен бөлу кезінде міндетті түрде ақшалай қаражаттардың қаржы ресурстары деп айтуға болатын кірістер, аударымдар, түсімдер, жинақтар нысанындағы қозғалысы жүзеге асырылады.

Осыдан қаржының экономикалық категория ретіндегі айрықша белгісі болып қаржы ресурстарын міндетті түрде қалыптастыру мен пайдалану саналады.

Қаржы көмегімен бөлу «қаржы ресурстары» және «ақша қорлары» түсініктерімен тікелей байланысты. Бөлу ақшалай қорларды қалыптастыру және пайдалану жолымен жүзеге асырылады, яғни қаржы бөлудің қаржылық тәсілін пайдаланады, бұл қаржының тағы бір айрықша белгісі болып табылады.

Әрбір қор қалыптастыру негізі ретінде нормативті акті мен нысаналы тағайындалуды иеленеді.

Жоғарда аталған барлық белгілер жиынтық түрінде ғана әрекет етуі керек. Мұндағы маңызды жағдай қаржының ең алдымен мемлекеттің бөлу фактісінен пайда болған ақша қатынасы; бөлініп қойылған жиынтық өнімді бөлу қатынасы. Барлық қалған қатынастар қаржылық болып табылмайды.



Кеңейтілген ұдайы өндірістің ақшалай бөлу қатынастары жүйесіндегі қаржының орны мен рөлі

Қаржы қоғамдық экономикалық қатынастың бір бөлігін ғана сипаттайтындықтан, оның тұтас экономикалық қатынас жүйесіндегі орнын анықтау қажет.

1. Қаржы экономиканың нақты секторына мемлекеттік реттеудің бір нысаны болып табылатын қаржылық инвестициялық және инновациялық саясат көмегімен әсер ету құралы болып табылады.

Қаржыны дамыту үшін мемлекет елдің аймақтары мен кәсіпорындардың шеңберінде ресурстар мен капиталдың теңгерімді қозғалысына қаржылық әсер ету жүйесін құру қажет.

Мемлекеттік қаржылық реттеудің қазргі заманға баламалы нысандары мен тәселдерін пайдалану қазақстандық ерекшеліктерді есепке ала отырып, экономикасы дамыған елдердің прогрессивті тәжірибесін пайдалануды талап етеді.

Ұдайы өндірісте өндірістік қорларды, ЖІӨ мен ҰК тұрақты жаңартатын және кеңейтетін, жұмыс күші мен өндірістік қатынастардың тауарлы-ақшалай, қаржы және несие қатынастарын пайдалану арқылы жүзеге асырылатын, ұдайы өндірісін қамтитын, мемлекеттік қаржы мен кәсіпорын қаржысына маңызды рөл беріледі.

Ел экономикасындағы қаржы қатынастары жүйесін қайта құрудың нарықтық реформалары жағдайында, кәсіпорында қызмет түрін еркін таңдаудың, баға белгілеудің еркіндігінің, өзін өзі қаржыландыру мен экономикалық жауапкершіліктің демократиялық принциптері бойынша қызмет етеді, бұл әкімшілік-әміршілік жүйеде мүмкін емес еді. Мемлекет қоғамдық ұдайы өндіріс процесін салық саясатын жүргізу, әлеуметтік шараларды, жекелеген кәсіпорындар мен экономика салаларын қаржыландыру көмегімен реттейді.

Мемлекеттік қаржының рөлі ел экономикасын ғылыми-техникалық прогрессті жеделдету, өндірістің тиімділігін арттыру, халықтың тұрмыс деңгейін көтеру мақсатында, оның қажетті қайта құрылымын қаржыландыру жолымен қамтамасыз ете отырып тұрақты ұстап тұруда.

Орталықтандырылған қорлар жекелеген аймақтардың экономикалық және әлеуметтік даму деңгейлерін баланстау мақсатында ресурстарды салалар арасында және аймақтық қайта бөлу көзі болып табылады.

Қаржының кәсіпорынның кеңейтілген ұдайы өндірісіндегі рөлі маңызды, өйткені олар ЖІӨ құрайды және сала ішінде қосалқы жүйелерге бөлінеді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік инвестициялық саясатын жақын болашақта келесі бағыттарды жүргізу қарастырылуда:

- кәсіпорындардың инвестициялық жобаларын қаржыландыру үшін олардың жинақтарының ішкі (меншікті) көздерінің рөлін көтеру;
- кәсіпорындарға мемлекеттік қолдау көрсетуді қайтарымсыз бюджеттік қаржыландыру нысанында емес, жеңілдетілген ставка негізінде қайтарымды және төлемді негізде несиелеу нысанында жүзеге асыру, ал қайтарымсыз бюджеттік қаржыландыруды жекелеген аймақтардың экономикалық және әлеуметтік дамуы деңгейін баланстау мақсатында коммерциялық емес типтегі әлеуметтік маңызы бар объектілер үшін сақтау;
- өндірістік мақсаттағы инвестициялық жобаларды мемлекет тарапынан орталықтандырып қаржыландыруды республикалық мақсатты бағдарламаларға сәйкес және конкурс негізінде қатаң түрде жүзеге асыру;
- қайтарымсыз қаржыландыру мен несиелеу нысанындағы инвестициялауға бағытталған республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаттарының нысаналы жұмсалыуына мемлекеттік бақылауды күшейту;
- инвестициялық жобаларды мемлекеттік-коммерциялық біріккен (үлесті) қаржыландыру тәжірибесін маңызды кеңейту;
- орталықтандырылған (несиелік) инвестициялық қаражаттарды өндірістің құрылымдық-технологиялық қайта құрылымын жеделдету мақсатында, меншік нысаны мен салалық ерекшелігіне тәуелсіз, ерекше тиімді және тез қалпына келтірілетін инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін пайдалану; инвестициялаудың заңды базасын шетелдік инвестицияларды тарту процесін белсенді ету мақсатында жетілдіру.

Қазақстан Республикасында отандық та, шетелдік те инвесторлардың инвестициялық белсенділігін ынталандыру мақсатында бірқатар шаралар жүзеге асырылуда. Отандық

банктердің сыртқы қарыздарын жабу, олар депозиттік операциялар ставкасын көтерген кезде мүмкін; мемлекет ұзақ мерзімді инвестициялық жобаларды қаржыландыруға дайын, несие мекемелеріне салық жеңілдіктерін ұсынуды қамтамасыз етеді.

2. Мелекеттік салық саясаты кәсіпорын қаржысына әсер етудің маңызды құралы болып табылады. Лаффердің зерттеулеріне байланысты, біршама жылдар аралығында алдыңғы елдердің мәліметтеріне сәйкес, салық ставкаларының төмендеуі кезінде елдің бюджетіне түсетін салықтық түсімдер көлемі өседі, өйткені экономикалық субъектілердің әрекеттері белсенді болады, жалпы ішкі өнім мен ұлттық кіріс көлемі өседі.

Бюджеттік қаржыландырудың төмендеу тенденциясына қарамастан нарықтық экономикада кәсіпорындар үшін кеңейтілген ұдайы өндіріс жағдайы салықтық ауырпалықтың төмендеуі есебінен шаруашылықта қалатын пайданың үлесінің өсуіне байланысты жеңілдейді.

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы Салық кодексі өндірісті қаржыландыруға ынталандыруға бағытталған.

Тұрақтандыру мен экономикалық өсу инвестициялық ресурстардың күрт өсуі, ұлттық валюта – теңгенің - сатып алушылық қабілетінің нығаюы, өндірістік кәсіпорындарға салық ауырпалығының одан әрі төмендеуі жағдайында ғана мүмкін.

3. Қаржы жұмыс күшінің ұдайы өндірісінің маңызды элементі болып табылады және оның құнына жалақыдан басқа, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыздандыру шығындары да енеді.

Білім беруге деген шығындардың өсуі, өндірістің сапалық қайта құрылымын қазіргі заманғы ғылыми – техникалық прогресс талаптарына сәйкес қамтамасыз ететін, жұмыс күшінің кәсіби құрылымының өзгерісімен байланысты.

4. Ел экономикасының экономикалық тұрақтылығында қаржы маңызды рөл атқарады.

Микро және макродеңгейдің қаржылық тұрақтылық экономикалық тұрақтылықтың негізі болып саналады. Экономикалық тұрақтылықтың пайда болған мәселелері үйлесімсіздікпен, ақша массасы мен төлемге қабілеті бар сұраныстың төмендеуімен,

тауарлардың әртүрлі топтарына деген бағаның түрлі қарқынымен, жалған капиталдың интенсивті өсуімен және оның нақтыдан алшақтығымен шарттасылған. Сондықтан ЖІӨ мен инфляцияның өсу қарқынына, валюта бағамына, жұмыссыздық деңгейіне, төлем балансының жағдайына, жалақы деңгейіне, халықтың әртүрлі категорияларының кірістер қатынасына, несие мен депозиттер бойынша пайыздық ставканы қоса, макроэкономикалық көрсеткіштер жүйесіне қадағалау жасау қажет. Базалық көрсеткіштердің межеленген стратегиялық көрсеткіштерден ауытқуы қаржы қатынасын межеленген деңгейден болашаққа қарай реттеу бойынша шешім қабылдауды талап етеді.

5. Елде экономикалық өсуді қамтамасыз ету мақсатында елдің экономикалық қатынасын қайта құруда қаржы маңызды рөл атқарады.

Бұл экономикалық-өндірістік қатынастарды тұрақты экономикалық өсу жағдайында инфляция мен жұмыссыздықтың төменгі деңгейі, қанағаттанарлықты төлем балансы, қолайлы экологиялық ортамен және халықтың өмір сүруінің жоғарғы деңгейі нысанында қайта құруды талап етеді. Бұл қайта құрудың мақсаты - әлеуметтік-бағытталған нарықтық экономиканы құру.

Қаржылық тұрақтылық пен экономикалық өсуге қаржыландырудың, капитал нарығында қаражаттарды тартудың, өндірісті кеңейту үшін ресурстарды жинақтау көздері болған кезде, экономиканың қоғамдық секторларын дамытқанда қол жеткізуге болады.

Экономиканы қаржылық тұрақтылық стратегиясы мен экономикалық өсу позициясы тұрғысында реформалау жеке-шелендіруді, бағаны ырықтандыруды, әлеуметтік трансформацияны, әлемдік қаржы жүйесіне интеграциялауды қамтиды.

Бағаны ырықтандыру орталықтандырылған баға белгілеуден және бағаны реттеудің әкімшілік тәсілдерінен бас тартуды, еркін баға белгілеуге көшуді қарастырады.

Жекешелендіру деп мемлекеттік меншікті жеке меншікке алу түсініледі, ол меншік иелері классын құруға әкеліп соқтырады.

Әлеуметтік трансформация әлеуметтік сфераны қаржыландыруды жұмыс берушілер, жалдамалы жұмысшылар, кәсіподақ ұйымдары жүзеге асырады деп қарастырады.

Әлемдік қаржы жүйесіне интеграциялауда Қазақстанның осы интеграциялық процестерге қатысуы қажет, осылайша жахандану процесі мен халықаралық қаржы институттарының мәні күшейеді.

Қаржы жүйесінің нарықтық қайта құруларға бейімделуі, қаржы жүйесінің капитал нарығына тең қатысушы ретінде мемлекет пен жеке кәсіпорындарды несие берушілер мен қарыз алушылар ретінде пайдалана бастауынан көрінеді. Қаржыны ұтымды ұйымдастыру қаржы нарығында әртүрлі қаржы құралдарын пайдалана отырып дер кезінде жұмыс істеу, қаржы ресурстарының керекті көлемін қамтамасыз етуге және контрагенттер алдында өз міндеттемелерін уақытылы орындауға мүмкіндік береді, яғни өтімді және төлем қабілетті.

Экономикалық өсуді қарқындыландыру мемлекет пен әрбір кәсіпорынның инвестициялық белсенділігі болып табылады.

Инвестициялау тек қана нақты секторға ғана емес, адами факторға (білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және т.б.) да жүргізіледі. Бұндай инвестициялардың көлемі мемлекеттің тұрақты дамудағы әлемдік рейтингтегі орнын сипаттайды.

Қаржының әлеуметтік-экономикалық тапсырмаларды шешудегі рөлі талассыз. Ол әлеуметтік-экономикалық сфераны қаржыландырудың керекті көздерімен қамтамасыз етуден, экономикалық тиімділік пен әлеуметтік әділдік арасындағы теңгерімділігіне жетуден көрінеді. Бұл рөл мемлекеттің бірқатар функцияларын жүзеге асыру арқылы жүргізіледі: реттеуші; қайта бөлу; әлеуметтік; бақылау.

Мемлекет келесі сфераларды реттейді: ақша – несие, қаржы, әлеуметтік, сыртқы экономикалық, табиғи монополиялық, экономикалық қауіпсіздік, бюджеттік саясаттарды, бизнесті заңдар мен заңды актілер арқылы, бағадағы шектеулерді, ҚР ҰБ есеп ставкаларын, теңгенің ресми валюталық бағамын, нормалар мен нормативті шығындарды және тұтынуды, өмір сүрудің ең төменгі деңгейін, ең төменгі жалақыны, айлық есептік көрсеткішті, қаржы лимиттерін және т.б.

Ұлттық кірісті өндірушілер мен тұтынушылар арасында қайта бөлу салықтар мен мемлекеттік бюджетті пайдалана отырып қайта бөлу функциясы арқылы жүзеге асырылады.

Әлеуметтік функция әлеуметтік әділдікті, халықтың қажетті әлауқат деңгейін ұстап тұруға, өмір сүрудің ең төменгі деңгейін кедейлік шегінен жоғарғы деңгейде қамтамасыз етуге, тұрығындардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге арналған. Бұл функцияның көлемі экономиканың әлеуметтік секторының сұранысы арқылы анықталады, ал оны жүзеге асыру мемлекеттің қаржылық мүмкіндіктерінің көлемімен байланысты болады. Сонымен қатар әлеуметтік трансферттер, жергілікті деңгейде әлеуметтік бағдарламалар, әлеуметтік сақтандыру жүйелері, әлеуметтік стандарттар, адрессті әлеуметтік көмек механизмдері пайдаланылады.

Мемлекет әлеуметтік-экономикалық дамудың белгіленген басымдықтарының, экономикалық және әлеуметтік дамудың параметрлерінің, сыртқы экономикалық қатынастар жағдайының, әртүрлі уақытша әрекеттер бағдарламаларының сақталуына бақылау функциясының көмегімен бақылау жасайды. Бұл функция мемлекеттік бақылаудың институционалды органдары арқылы нормативті құжаттар көрсеткіштері мен критерийлерінің, санкциялар, ынталандыру мен жеңілдіктер көмегімен жүргізіледі.

6. Қаржы – ұлттық кірісті құру мен пайдалану арасындағы ажырағысыз байланыстырушы буын. Қаржының қатысуынсыз ұлттық кіріс бөлінбейді. Қаржы өндіріске, бөлу мен тұтынуға әсер етеді және объективті сипатта болады. Олар өндірістік қатынастардың белгілі сферасын сипаттайды және базисті категорияға жатады. Ұлттық кірісті бөлу экономиканың үйлесімділігін анықтайды.

Қаржы алғаш рет өндірістің екінші – бөлу сатысында пайда болады. Бөлу тауар иесі мен оны өндіруші арасында жүргізіледі: тауардың тұтыну құны сатып алушыға, ал айырбас құны сатушыға тиісті болады.

7. Кәсіпорын қызметін ұдайы өндірістің барлық сатыларында жүзеге асыру үшін қаржы пайдаланылады. Олар келесілердің арасында пайда болған ақша қатынасын сипаттайды:

- ақша қаражаттарының орталықтандырылған қорларын құру мен оларды пайдалануда кәсіпорындар мен жоғары тұрған ұйымдар арасында;

- бюджет жүйесіне салық төлеу мен шығындарды қаржыландыруда мемлекет пен кәсіпорындар арасында;
- салықтар мен ерікті төлемдерді аудару кезінде мемлекет пен азаматтар арасында;
- төлемдерді төлеу мен қаржылық ресурстарды алу барысында кәсіпорындар, азаматтар, бюджеттен тыс қорлар арасында;
- бюджеттік жүйенің жекелеген буындары арасында;
- сақтандыру салымдарын төлеу мен сақтаныдру жағдайы пайда болғанда залалдың орнын толтыру барысында сақтандыру мекемелері мен ұйымдары және тұрғындар арасында;
- кәсіпорындар мен жұмысшылар арасында (дивиденттерді беру, материалдық санкциялар);
- кәсіпорындар арасында (шоттарды төлеу, аванстарды төлеу, инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға бірігіп қатысу, келісімді бұзғаны үшін санкцияларды төлету);
- кәсіпорын мен оның филиалдары арасында (айналым қаражаттарын беру, материалды-техникалық базаны жаңарту үшін ресурстарды ұсыну);
- кәсіпорындар мен банктер арасында (ақшаны шоттарда сақтау, депозиттер, несиелер және т.б.) және т.б.

8. Қаржының маңызды рөлі қаржы менеджменті сұрағы ерекше мәнге ие болатын микродеңгейде, яғни қаржы ресурстарын тиімді басқаруда көрініс табады.

Сонымен қатар ең үлкен мүмкіндіктер өз кәсіптерінің жеңісті қызметін компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жаханды көлемде құратын кәсіпорындарда көрініс табады, ол қаржылық шешімдерді қабылдау процесін күрт өзгертеді. Мұндай кәсіпорындар контрагенттердің жергілікті торабымен байланысты дербес компьютерлермен жабдықталған, ол қаржы менеджеріне тұрақты түрде, оны қызықтыратын ақпараттармен алмасуға және ең ұтымды шешімдерді қабылдауға мүмкіндік береді.

Кәсіпорынның ақшалай қорларын құру мен ұтымды пайдалану бойынша микродеңгей қаржысының тапсырмасы пайданы

жоғары деңгейге жеткізуді мақсат етеді. Сонымен қатар келесілер қажет:

- кәсіпорын қызметінің қаржылық жағдайын болжау және жоспарлау, өнімді өткізу, ғылыми-техникалық прогресс шараларына инвестиция жасау, оларды меншікті қаржы ресурстарымен және қарыз капиталымен қамтамасыз ету бойынша бес жылдық кезеңге, жылдарға бөлінген қаржылық жоспарды (болжамды) жасау. Қаржылық жоспардың негізгі көрсеткіші болып құндық сипаттағы өнімді өткізу көлемі, жалпы пайда мөлшері, күрделі салымдар көлемі, пайданы пайдалану бағыты бойынша бөлу, оның ішінде несие бойынша пайызды төлеу мен несиені өтеу сомасының серпіні табылады;
- тұрақты шығындардың өсу барысында өткізу көлемінің ұтымды өсу қарқынын; меншікті және қарыз капиталының қатынасын, қарыз капиталының құрылымын (акция мен облигацияның жаңа эмиссиясы, немесе несие алу) анықтау;
- кәсіпорынның қаржы қызметін барлық қызмет түрлерімен үйлестіру;
- қосымша капиталды тарту мақсатында бағалы қағаздарды сатып алу және сату бойынша қаржы нарығында операцияларды жүзеге асыру;
- ақша ағынын төлем күнтізбелігі негізінде кәсіпорынның тұрақты өтімділігі мен төлем қабілеттілігін ұстай отырып, дебиторлық және кредиторлық қарыздарды ең төменгі деңгейге жеткізе отырып жедел басқару.

Ірі ұлттық және трансұлттық корпорацияларда басшының қаржы сұрақтары бойынша орынбасары, ішкі аудит және қаржылық бақылау бөлімшелері болатын қаржылық басқарудың күрделі құрылымы орын алады.

9. Қаржы ұдайы өндіріс процесінің екінші сатысы болып табылатын бөлу сатысында пайда бола отырып ұдайы өндірістің барлық сатыларына және тұтас процестеріне әсер етеді.

Осындай әсер етулерге негіз ретінде келесілерді айтуға болады:

- қаржының өндірісте, айналыс пен тұтытуда қызмет етуі;

- қаржының экономикалық процестерді жеделдеткіш болу мүмкіндігі.

Өндіріс сферасында қаржы өндіріс сипаты мен көлеміне әсер етеді.

Айналыс сферасында қаржылық қатынастар сатып алу сату процесін аяқтайды. Сонымен қатар тауардың сатып алушыға берілген тұтынушылық құны сатушыға берілген ақша сомасы нысанында айырбас құнына өзгереді. Тауарды өткізуден түскен түсім нысанындағы ақша сомасы орнын толтыру, жинақтау, тұтыну қорларына бөлінеді.

Тұтыну сферасында тұтыну құны пайдаланылады. Үй шаруашылығында түпкілікті тұтыну, кәсіпорындарда тұтыну құны ғимарат, жабдықтар, өнім өндіру үшін шикізат түрінде пайдаланылатын өндірістік тұтыну орын алады.

Нарықтық экономикада объективті экономикалық категория бола отырып, қаржы қоғамның белгілі мақсаттарына жету үшін шаруашылықты жүргізудің экономикалық құралы ретінде саналы түрде пайдаланылады.

Қаржы ұдайы өндіріс процесіне екі бағытта әсер етеді:


- халық шаруашылығында қалыптасқан үйлесімділікті өзгертетін, белгілі көлемдегі кеңейтілген ұдайы өндіріс мақсатында қаржы ресурстарын қалыптастырады және жұмылдырады;
- шаруашылық субъектілерінің материалдық мүдделеріне қаржы қатынастарын ұйымдастырудың әртүрлі нысандары арқылы әсер етеді, ол оларды экономиканың дамуына ынталандырады. Сонымен қатар кірістерді қалыптастыру тәртібі, оларды пайдалану бағыты шаруашылық субъектілерінің экономикалық мүдделеріне байланыстырылады.

Нарық жағдайында қаржыны саналы пайдаланудың нәтижесі олардың қоғамдық ұдайы өндірістегі рөлінің белсенді екендігін көрсетеді.

Бұл рөл келесілерден көрінеді:

1. Қаржы кеңейтілген ұдайы өндірістің қажетті қаржы көздеріне деген қажеттіліктерін қанағаттандырады.

2. Қаржы халық шаруашылығының құндық құрылымын реттейді.
3. Қаржы экономикалық субъектілердің мүдделеріне әсер етудің экономикалық ынталандырушысы болып табылады.



Қаржы қызметінің объективті қажеттілігі мен жалпы принциптері

Қаржының қажеттілігі тауарлы өндірістің болуымен, тауар-ақша қатынастардың дамуымен, құн заңының, мемлекеттің болуымен, қоғамдық даму қажеттілігімен шарттастырылған. Қоғамдық басқару бойынша функцияларды атқаратын мемлекеттің болуы, ақшалай қаражаттардың әлеуметтік қорларын құруды талап етті. Бұл қор қоғамның өзі арқылы салықтар, мемлекеттік несие, ақша эмиссиясы көмегімен қалыптастырылуы мүмкін.

Алғашқы қауымдық құрылыс формациясында мемлекет болмады, ал құл иеленушілік және феодалдық формацияда мемлекеттік қажеттіліктің үлкен бөлігі натуралды алымдар мен алымдардан, міндеттіліктер есебінен қанағаттандырылды. Капиталистік формациядағы мемлекеттік шығындардың тез өсуі ақша шаруашылығының, ғылыми-техникалық прогрестің дамуы базасында қаржының дамуына түрткі болды.

Қаржының материалдық базасын ақша құрайды. Ақша өнім өндірісі, жалақы шығындарын өлшеуге, салықтар мен алымдарды жинау құралы ретінде пайдаланыла басталды.

Орталықтандырылған мемлекеттік қорларды құру қажеттілігі тұтас ел деңгейінде ғана емес, сонымен қатар қаржы ресурстарын қалыптастыру мен пайдалануда үлкен құқық пен дербестікке ие, жергілікті аймақтық деңгейде де қарастырылады. Қаржы жүйесінің әртүрлі буындарындағы өзгеріп отырған қажеттіліктер қаржы ресурстарын олардың арасында қайта бөліге әкеледі.

Кәсіпорындардың қызметі жоғалтылған тұтынушылық құнның ұдайы өндірісінің экономикалық қажеттілігін, халықтың

өсуі жағдайында материалдық өндірістің дамуын шарттастыратын, экономикалық заңдарға бағынышты.

Қаржының қажеттілігі нарықтың дамуы жағдайында өседі, өйткені нарықтық қатынастар ақша айналысымен және қаржымен тығыз байланыс пен бірлікте болады.

Материалдық өндірістің дамуын, қызметтің әлеуметтік сферасының, өндірістік емес сферасының қызметін қамтамасыз ету, азаматтардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру құрылған өнім құнын орнын толтыру қорларына, өндіріс құралдары қорларына, сақтандыру және резервтік қорларға, қоғамдық және жеке тұтыну қорларына бөлумен байланысты.

Экономикалық жүйеде ақшалай қаражаттар қоры, оларға деген белгілі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қалыптастырылады. Мемлекет пен әртүрлі субъектілердің қызметін қамтамасыз етуге қажетті ресурстарға деген қажеттілік қаржының пайда болуына себеп болады. Бұл қажеттілік, қоғам қызметінің кез келген сферасында құнды ұдайы өндіріс процесінің субъектілері бойынша, құндық экономикалық категорияларға негізделген белгілі жағдайға, қаржының көмегімен қанағаттандырылуы мүмкін.

Экономикалық субъектілер өнімді немесе қызметті өткізуден түскен түсімді өндіріс процесіне қатысушыларға, сәйкес құн элементтеріне пропорционалды түрде бөлінеді. Бірақ соңынан оны белгілі тағайындалудағы ақшалай қорларды қалыптастыру жолымен қайта бөлу қажеттілігі туындайды. Субъектілердің өзгермелі қажеттіліктері шаруашылық субъектілерінің иелегінде құрылатын ақшалай қаражаттардың құрамы мен құрылымын өзгертуге әкеледі.

Қаржының пайда болуының келесі себебі мемлекеттің өз функцияларын атқаруын қамтамасыз етуге қажетті қаржылық ресурстарға деген қажеттілігі: мемлекеттік қаржы каналы бойынша бюджеттік және бюджеттен тыс қорлар арқылы қанағаттандырылатын мемлекеттің қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету, салалар мен аймақтарда қоғамдық өндіріс ауқымын реттеу, әлеуметтік сфераны ұстау мен дамыту, қоршаған ортаны қорғау және басқалай қажеттіліктер.

Қаржы өндіріс пен тұтыну арасындағы сәйкестікті белгілеу үшін қызмет ететіндіктен, шаруашылық сферасында тұрақты өзгеретін ұдайы өндіріс қажеттіліктерін нысаналы тағайындалған ақшалай қорларды қалыптастыру жолымен қанағаттандыратындықтан қажет.

Қоғамдық қажеттіліктердің өзгеруі шаруашылық субъектілері арқылы құрылатын қаржылық қорлардың құрамы мен құрылымын өзгертеді.

Мемлекеттік қаржы салалар мен аймақтарда қоғамдық өндіріс ауқымын реттеу, қоршаған ортаны қорғау және қоғамның басқалай қажеттіліктерін қанағаттандыру құралы болып табылады.

Қаржы объективті қажеттілік, олар қоғамның даму қажеттіліктерімен анықталады. Мемлекет қаржылық қатынастар нысанын, төлем түрлері мен оларды жүзеге асыру механизмдерін, қаржы ресурстарын пайдалану нысандарын және т.б. өзгертеді.

Қаржысыз кеңейтілген негізде өндірістік қорлардың ауыспалы айналымын қамтамасыз ету, экономиканың салалық және аймақтық құрылымын реттеу, ғылыми-техникалық жетістіктің тез енуін, басқалай қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мүмкін емес.

Мемлекеттің ақшалай қорларды дұрыс және тиімді пайдалану мүмкіндігі орталықтандырылған ақшалай қаражаттардың артықшылығын көретеді, бірақ экономикалық тәжірибе оларды пайдалануда негізсіз ерікті шешім қабылдаудың тиімсіз екендігін көрсетеді. Осыған байланысты аймақтық қаржының құқығын, қаржы ресурстарының түрі мен аймақ қажеттілігі үшін жұмсау бағытын таңдаудағы дербестігін кеңейту орынды.

Нарықтық шаруашылық жағдайында қаржының қажеттілігін анықтайтын бірқатар себептерді атайық:

1. Тауар-ақша қатынастары мен құн заңы әрекетінің болуы. Тауар мен қызметтерді ақшаға сатып алу жүзеге асырылатын айырбас сферасы қызмет етеді. Нарық субъектілері болып сатушы мен сатып алушы, нарық объектісі болып тауар мен ақша табылады. Тауардың айырбас құны ақшаның сатып алушылық құнынан көрінеді.

Ақша шаруашылығы экономикалық жүйенің құрамдас бөлігі ретінде орын алатындықтан, қаржының қызмет етуінің міндетті

жағдайы орындалады және қаржының пайда болуын туындататын себеп анықталады – мемлекет пен шаруашылық субъектілерінің ағымды қызметі мен кеңейтілген ұдайы өндірісті жүзеге асыру үшін қажетті ақшалай қаражаттарға деген қажеттілігі. Ресурстарға деген қажеттілікті кез келген деңгейдегі экономикалық субъектілер қызметі сферасында қаржысыз жүзеге асыру мүмкін емес. Сондықтан да қаржы қоғамның даму қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін объективті түрде қажет.

2. Қаржы кеңейтілген негізде өндірістік қорлардың ауыспалы айналымын қамтамасыз ету, экономиканың салалық және аймақтық құрылымын реттеу, өндірістің дамуын ынталандыру үшін қажет.

3. Қаржы мемлекеттің ресурстарын ақшалай қорлар нысанында қалыптастыру үшін қажет. Ақшалай қорлар мемлекеттің қоғам өмірін реттеу функциясын атқаруын қамтамасыз етеді.

4. Қаржы қоғамдық өнім мен ұлттық кірісті бөлу құралы ретінде қажет.

Қаржы қатынастарын тиімді іске асыру концепциясы объективті қажет болғанда төмендегі көрсетілген принциптер спекторын пайдалану арқылы құралуы қажет.

Қаржыны басқарудың жалпы принциптеріне келесілерді жатқызуға болады:

1. Қабылданған шешімдердің атқарылуына қаржылық бақылау.
2. Өткенді шолуды есепке алу, оның талдауы мен болашаққа тенденцияны жасау.
3. Стратегиялық мақсаттар мен перспективаны есепке алу.
4. Дағдарыс жағдайында жедел шешім қабылдау.
5. Бірқатар сыртқы факторлардың болжамсыздығын тану.

Қаржы қатынастарын қалыптастырудың ерекше принциптеріне келесілер жатады:

1. Қаржының бірлік принципі заңды және нормативті – құқықтық база, ақша, несие және салық жүйесі, қаржылық құжаттау мен есептілік, қаржылық операцияларды бухгалтерлік есепте сипаттау тәртібі, есептер мен төлемдерді ұйымдастыру, шығындар мен қаржылық нәтижелерді қалыптастыру, қаржылық, төлем-есеп және салықтық тәртіпті бұзғаны үшін санкцияларды пайда-

лану тәсілдері бірлікте болады және қарама-қайшылықтарға жол берілмейді деп қарастырады. Бұл шарттың орындалуы көрсетілген элементтерді жасаушылары болып тек бір ғана мемлекеттік орган – ҚР қаржы министрлігінің бухгалтерлік есеп әдістеме басқарамсы болған кезде ғана мүмкін.

2. Экономикалық субъектінің қаражаттары мен көздерін баланстау принципі. Ол шаруашылық субъектісінің мүлкінің құнын қалыптастырудың меншікті, қарыз немесе сырттан тартылған қаражаттар нысанындағы көздері болады деп қарастырады.

Егер де меншікті капитал жеткілікті болса, онда міндеттемелер болмауы мүмкін, өйткені контрагенттер, бюджет, бюджеттен тыс қорлар, жұмысшылар алдында пайда болған қарыз олардың пайда болуынан кейін тез арада жабылады.

Егер де мүлік меншікті капиталдың бір бөлігімен ғана жабылатын болса, онда банктер алдында қарыз қаражаттары бойынша, сонымен қатар бюджет пен бюджеттен тыс қорлар алдында кредиторлық қарыз нысанындағы тартылған қаражаттарды қайтару бойынша, ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді міндеттемелер пайда болады. Қарыз және сырттан тартылған қаражаттар бағасы әртүрлі және кәсіпорын тарапынан пайыздық ставка, мерзім, санкция көзқарасында талдануы қажет.

Бюджет пен мемлекеттік бюджеттен тыс қорларды баланстау принципі, сонымен қатар, бағыттар бойынша қарастырылған шығындар көлемі мен мемлекеттік қарызға қызмет көрсету сомасы салықтық және салықтық емес түсімдерден, капиталмен операциялар түсімінен, несиеден құралатын кірістің жалпы көлеміне сәйкес болу керек деп қарастырады.

Қаржы жүйесінде жоғарғы деңгейдегі қаржының теңгерімділігі төменгі деңгейдің теңгерімділігін, төлем қабілеті мен өтімділіктің қаржылық тұрақтылығын талап етеді, сондықтан қаржы жүйесі өзінің әрбір буынынан осы шарттың орындалуын талап етеді, оған жағдай жасауы қажет.

3. Қаржының маңызды принципі болып нысаналы бағыттылық саналады. Экономикалық субъектілер басты мақсат ретінде пайданы алуды қояды. Мемлекеттік қаржы өзінің мақсаты ретінде салықтарды, алымдар мен салықтық емес түсімдерді уақтылы

және толығымен алуды, түсімдер көлеміндегі қарыздың үлесін төмендетуді, бюджеттен экономиканың қажеттілігі мен аймақтың әлеуметтік қажеттіліктеріне бөлінетін қаражаттарды ұтымды пайдалануды анықтайды.

4. Қаржыландыру мен ресурстарды жұмсау көздерін диверсификациялау принципі бір объектіні инвестициялау үшін әртүрлі көздерді пайдалануды немесе өз қызметінің номенклатурасын жеткілікті кең спекторда кеңейтетін объектілерді құруды қарастырады; банкроттық тәуекелін төмендетуге мүмкіндік береді, кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін, оның қаржылық тұрақтылығын көтереді, өйткені кірістің жалпы көлемінің төмендеу кезеңі сирек болады, бірақ бұл қаржы ресурстарының үлкен көлемін, оларды оңтайландыра білуді талап етеді.

Осы принциптің бағалы қағаздар нарығындағы кәсіпорындар қызметінде қолданылуының мүмкіншілік дәрежесі жоғары.

5. Қаржының стратегиялық бағдар принципі кәсіпорын қаржыландыру көзін тек қана ағымды операциялық қызметпен ғана емес, сонымен қатар болашаққа инвестициялық сипаттағы салымдар есебінен қамтамасыз етуді қарастыру керек деп қарастырады.



Бөлу қатынасы процесіндегі қаржының басқа экономикалық категориялармен байланысы

Қаржы, экономикалық жүйеде өзінің функцияларын, ақшаны сипаттайтын құндық категория болғандықтан, көптеген экономикалық категориялармен байланысты жүзеге асырады. Олардың ең тығыз байланысы баға, жалақы, пайда, несиесі, сақтандыру, ақшалай есеп айырысу сияқты категорияларда байқалады.

Қоғамдық өнім қозғалысының төрт сатысының әр қайсысында жекелеген экономикалық категориялар өздерін жан-жақты көрсетеді, ал олардың субъектіден субъектіге құн қозғалысын сипаттаудағы өзара байланыстылығына байланысты шаруашылық процесстері туралы ақпаратты беру үшін кешенді пайдаланылуы қажет. Олардың әр қайсысы өзінің әрекет сферасына, ұдайы

өндірістік қатынас жүйесіндегі өзінің ерекшелігіне ие, бірақ олардың әрекеті қоғамдық өнім мен ұлттық кірісті бөлу жүйесіндегі біріккен қызметінде күшейе түседі.

Баға құнды бөлудің негізгі әдісі болып табылады және құнды бөлу категориясы ретінде қатысады, өнімнің натуралды нысанынан ақшалай нысанға өтуін, оның бір иеден келесі иеге сатып алу-сату актісі негізінде өтуін қамтамасыз етеді. Баға қаржылық бөлуге құн өлшегіш ретінде әсер етеді. Бағада бөлу нәтижесінде өзінің экономикалық нысанын қаржы ресурстары және қорлары түріне ауыстыратын құрылымдық бөлігі тұжырымдалады. Қаржы ресурстарының жалпы көлемі елдегі баға деңгейімен анықталады.

Баға қаржы қызметіне жағдай жасайды. Қаржыда баға құрылымы арқылы анықталған үйлесім құрылады. Қаржылық бөлу нақты қарастырылады және өнім, жұмыс пен қызметті өткізуден түсетін кірістердің жалпы көлемінде жасырын болатын, бағалық бөлу қатынасында қайталама болады. Бағалық бөлу бір реттік, қаржылық, бөлуден басқа қайта бөлуді де қамтиды.

Баға бөлу процесіне алғашқы болып қатысады және ондағы алғашқы үйлесімділікті анықтайды. Құнның айналасында бағаның ауытқуы қаржы үшін қызметі аумағын құрады. Бағаның құннан ауытқуында баға айырбас емес, бөлу құралы ретінде қатысады. Егер де баға құннан төменге қарай ауытқыса, онда сатып алушы ұтады. Егер де баға құннан жоғары қарай ауытқыса, онда құнға келесілер қосылады: тауар өндірушінің өткізуден түскен түсімнен мемлекеттік бюджетке аударылуы керек жанама салықтар (ҚҚС, акциздер, кедендік баж). Қазақстан Республикасында үстеме пайдаға салықтар белгіленген.

Егер кәсіпорын мемлекеттің сұрауы бойынша өнімді өзіндік құннан төмен сататын болса, онда мемлекет бағадағы айырмашылықтан болған шығасының орнын толтырады, дотацияны қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасында мемлекет бұндай көмекті минералды тыңайтқыштармен, ауыл шаруашылық техникасымен, өсімдіктерді химиялық қорғау құралдарымен жабдықтау бағаларындағы айырмашылықтың орнын толтыратын ауыл шаруашылық салаларына көрсетеді.

Көмір өнеркәсібінде көмірге деген еркін баға оның нақты құнын жаппайды және мемлекет шығындарды өтеу үшін көмір кәсіпорындарына қосымша жеңілдіктер беріледі.

Мемлекет осылайша, қаржы құнының бір бөлігін экономикалық субъектілердің бір категориясынан акцизді салық, экспорт пен импортқа салық, кедендік баж және т.б. нысанында ала отырып және оларды басқаларға дотациялар мен субвенциялар, бір деңгей бюджетінен келесі деңгей бюджетіне, бір саладан келесісіне трансферттердің басқа түрлері нысанында бере отырып пайдаланады. Мысалы, ҚР 2009 жылғы салық саясатын өзгертуге сәйкес әлемдік қаржылық дағдарыс кезінде кіші және орта бизнес субъектілері үшін салық ауыртпалығы азайған, ал өндіруші секторға күшейтілген. Ірі бизнеске жұмыс орнын және бюджетке тұрақты түсімдерді сақтау үшін қаржылық көмек көрсетілген.

Бірқатар кәсіпорындар бағаның құннан ауытқуы оқиғасы үшін, өнім бағасының өнім құнынан азаю жағына қарай ауытқуы нәтижесінде пайда болған шығынның орнын толтыратын арнайы резерв қорларын құрады.

Нарықтық экономикада сұраныс пен ұсыныстың өзара әрекетінде тепе-теңдік баға қалыптасатын еркін баға белгілеу принципі әрекет етеді. Мемлекеттің араласуымен реттелетін бағалар, халықтың аз қамтылған жігіне төменгі бағалар, монополияға қарсы комитетпен бақыланатын монопольды бағалар белгіленілуі мүмкін.

Баға тауар-ақша қатынасының құралы, құнның ақшалай сипаты болып табылады. Ресурстарға деген баға, көп жағдайларда өнім, қызмет пен жұмыс өндірісі шығындарын және орнын толтыру қоры мөлшерін (аударылған құн) анықтайды, соның салдарынан қаржылық нәтижеге, яғни пайдаға әсер етеді.

Өнімді өткізуден түскен түсім де кәсіпорын өнімінің бағасының көмегімен қалыптасады және шығындарды жапқаннан кейін, одан әрі пайдалану үшін ақшалай қорларға бөлінетін кіріс болып табылады. Осылайшы, құнды қалыптастыру, бөлу және қайта бөлуде баға және қаржы тәсілдері бірге пайдаланылады.

Баға мен қаржының қоғамдық өнімді бөлу облысы әртүрлі. Егер баға құнның қоғамдық қажетті шығындардан ауытқу неме-

се соңғысын жеке шығындардан ауытқу түріндегі бір бөлігін ғана бөлетін болса, онда қаржы өнімнің барлық құнын бөледі.

Қарапайым ұдайы өндірістің қаржылық көзі болып табылатын амортизациялық аударым мөлшерін анықтауда баға ерекше рөл атқарады. Өйткені инвентарлы объектілердің бастапқы құны уақыт бойынша инфляцияға байланысты қалпына келтірудің нарықтық құнынан ерекшеленеді. Бұл өндіріс құралдарының бастапқы және әрекеттегі баға арасындағы алшақтыққа әкеледі және амортизациялық қорда маңызды толқуды шарттастырады.

Бағаның қоғамдық қажетті немесе жеке шығындардан төмен ауытқуы құнның оның шамасынан артық көлемін алуға әкеледі және баға механизмі арқылы құрылған құнды қайта бөлу осы тауар өндірушінің пайдасына жүргізіледі.

Баға бөлудің қаржылық әдісі үшін жағдай жасайды және оның нәтижесін сандық өлшегіш ретінде қызмет атқарады. Бағаның арқасында тауар бағасына қосылатын жанама салықтар (акциздер, кедендік баж) сияқты қаржы қатынасының нысандары іске асырылады.

Жалақы қаржымен жұмысшылардың еңбекақы қорын қалыптастыру арқылы байланысты. Ол құнның өз үлесіне сәйкес, оны әрбір жұмысшы қоғамнан, еңбегінің саны мен сапасына сәйкес алуы керек.

Жалақы қаржылық бөлу ішінде әрекет етеді, өйткені қаржы жұмыс көлемі құнының ішінде жалақы қорын нормалау үшін жағдай жасайды. Қаржылық бөлу шеңбері кең, жалақы шығындардың тек бір түрі – жұмыс күшіне шығындарды өтейді. Одан басқа қаржы құнның бір жақты қозғалысына қатысады, ал жалақы қарама қарсы қозғалысқа қатысады. Қаржының көмегімен көптеген қорлар қалыптасады, ал жалақының көмегімен – жалақы қоры мен сыйақы қоры қалыптасады.

Есептелінген жалақының көлемі жеке және әлеуметтік салықтарды, сонымен қатар әлеуметтік сақтандыруға аударымдарды есептеуге негіз болады. Жалақы көзі болып қаржы ресурстары саналады, ал егер де жалақы қорын үнемдеу орын алса, онда оның өзі қаржы ресурстарының көзі болып табылады.

Еңбекақы қоры өнімнің өзіндік құнының бөлігі және өнімді өткізуден түскен түсімнің бөлігі, қосылған құнның бөлігі, тұтыну қоры болып табылады. Бұлай бөлшектеу қаржының көмегімен жүргізіледі.

Өнімге, қызмет пен жұмысқа деген баға жоғары болған сайын кәсіпорын соғұрлым пайдалы жұмыс істейді, еңбек өнімділігінің өсу қарқыны орташа жалақының өсу қарқынынан қаншалықты алда болса, кәсіпорындағы жалақы деңгейі соғұрлым жоғары болады. Сонымен қатар жалақыны есептеу кезеңі мен беру кезеңі сәйкес келмейді және есептелген, бірақ берілмеген жалақы қоры тартылған капиталдың (қаржы ресурстарының) құрамдас бөлігі - кредиторлық қарыз - болып табылады, оны кәсіпорын өз қалауы бойынша уақытша пайдаланады, яғни айналыс капиталы ролін атқарады. Жалақы мен қаржының өзара байланысы көрінеді. Жалақыны ұзақ уақыт төлемеу заңға қайшы әрекет болып табылады және кәсіпорының шаруашылық қызметінде маңызды қайшылықтарға әкеледі.

Өндірістік емес сферада қаржы мен жалақы одан да тығыз байланысты, өйткені осы сфера жұмысшыларының еңбекақы қоры маңызды дәрежеде бюджеттік қаражаттар есебінен қалыптасады және сәйкес бюджеттің қаржылық мүмкіндіктерімен анықталады. Қазақстан Республикасында мемлекеттік бюджет мүмкіншілігінің артуына байланысты бюджеттік мекемелердің жұмысшыларына жалақыны кезеңмен көтеру байқалуда.

Жалақы жұмыс күшінің ұдайы өндірісі үшін қажет, сондықтан тауарлар мен қызметтерді төлеу үшін тұтыну сатысында пайдаланылады. Бірақ одан қаржылық әдістер арқылы салықтар, сақтандыру жарналары, жеке жинақтаушы зейнетақы қорларына аудармдар алынады, банкредеге салымдар жасалынады, мемлекеттік заемдардың облигациялары, бағалы қағаздар және т.б. сатып алынады, яғни келесі деңгей кірістерін қайта бөлу және құру процестері жүреді.

Қаржы мен еңбекақы әректінің сфералары әртүрлі: қаржы барлық қоғамдық өнімді бөледі, ал еңбекақы – тек қана қажеттісін бөледі. Жалақы деңгейі еңбек өнімділігінің өсу факторы болып

табылады, ал қаржы қаржы механизмі арқылы барлық қоғамдық өндірісті белесенді етеді, оның ішінде жанама түрде еңбекақы қорын бөлуге қатысады.

Қаржы мен жалақы бөлу процесінде өзара тығыз байланысады.

Жалақыны беру жолымен бөлу процесінің ерекшелігі жалақы түрінде жекелеген жұмысшылардың алған ақшалай қаражаттарының жеке қажеттіліктерді қанағаттандыруға жұмсалыуында. Қоғамдық бөлу нысаны ретіндегі жалақы өтемдік сипатта болады, ол жұмысшылардың еңбек күшін төлеу болып табылады және олардың жұмсаған еңбегінің саны және сапасымен тығыз өзара тәуелділікте болады, яғни құнның екі жақты қозғалыс процесін сипаттайды.

Қаржының көмегімен дербес еңбекақы қоры құрылады, есептеуі уақыт бойынша беру кезеңімен сәйкес келмейтін жалақы кәсіпкерлік субъектілерінің қаржылық ресурстарын қалыптастырудың көзі болады. Сонымен қатар қызметтің өндірістік емес сферасындағы, мемлекеттік басқару сферасындағы жалақы көзі ретінде өз қаржылық түсіміне ие (атап айтқанда, мемлекеттік бюджет қаражаттары).

Пайда кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижесі, кеңейтілген ұдайы өндіріс үшін ақшалай қаражаттар қорын құрудың көзі ретінде пайдаланылатын құндық бөлу нәтижесі. Пайданың болуы тиімді қаржы менеджментін, дұрыс баға саясатын көрсетеді. Пайда мемлекеттік бюджетке корпоративтік табыс салығын төлеуге пайдаланылады, бөлінбеген пайдадан қаржылық ресурстар көзі ретінде нысаналы қорлар құрылады. Бөлінетін пайда дивидендтер, пайыздар, жұмысшы мамандарға сыйақы төлеуге, яғни түпкілікті тұтынуға кетеді. Пайданы бөлу каналдары – кәсіпорын үшін маңызды қаржы ағыны, ол кәсіпорынның қызметі перспективасы мен болашағын анықтайды. Мұнда пайданың көп функционалдылығы мен оның қаржымен байланысы ашық көрінеді.

Қаржы және несие ақша қатынастары категориясы болып табылады, қайта құрылған құнды қайта бөлу негізінде қалыптастырылған, қаржылық ресурстар ретінде, қорлардың ау-

ыспалы айналымын құрайды. Құн заңына, қаржыландыру көзіне негізделген, ұдайы өндірістің бөлу сатысының тарихи қалыптасқан экономикалық категориясы – бұл қаржы және несие.

Несие ресурстары бір субъектілерде уақытша бос ақшалай қаражаттарының және келесілерінде олардың жетіспеушілігінің болуындағы сәйкессіздік нәтижесінде қалыптасады. Несие меншікті қаржы ресурстарын толықтырады және кеңейтілген ұдайы өндіріске әсер етеді.

Несие қайтарымдылық, ақылылық және кепілдік принциптеріне сүйенеді. Банкердің несие массасы банкердің меншікті капиталынан, банкаралық несиелерден, клиенттердің уақытша бос депозиттерінен құралады және банк оларды өз атынан орналастырады. Кәсіпорын үшін бұл айналым қорларын толықтыру үшін қасқа мерзімді несие нысанындағы қарыз капиталының қаржылық ресурстары немесе инвестициялық қызмет үшін ұзақ мерзімді несиелер.

Несиені өтеу үшін кәсіпорын меншікті қаржы ресурстарын немесе жаңа несиені пайдаланады, соңғысы қайта қаржыландыру болып табылады. Қаржы және несие өзара тығыз байланысты. Олар кәсіпорын қызметінде қаражаттардың үздіксіз ауыспалы айналымына жағдай жасауға арналған. Олар кәсіпорынның негізгі және айналым капиталына тікелей әсер етеді, күрделі салымдар мен айналым қаражаттарын қалыптастыру көзі болып табылады. Сонымен қатар қаржылық тәсілдермен меншікті капиталды пайдалана отырып тұрақты қажеттіліктер, ал несие көмегімен уақытша қажеттіліктер қанағаттандырылады. Несиені ұзақ мерзімді күрделі салымдар үшін пайдалану қалыптасқан. Мемлекеттік несие қаржымен ерекше тығыз байланысты. Несие қатынастарында кәсіпорындарды, ұйымдарды, халық пен мемлекетті ұзақ және қысқа мерзімді несиелеу мақсаты үшін ақшалай қаражаттар қорын қалыптастырады және пайдаланады.

Мемлекеттік несие жүйесінде мемлекет бюджет тапшылығын жабу немесе кіші бизнесті қолдау жөніндегі мақсаттарға байланысты кредитор, қарыз алушы және кепілгер бола алады. Экономикалық категория ретінде мемлекеттік несие ақша қатынасының екі түрінің ерекшеліктерін қоса атқарады – қаржы және несие, ал қаржы жүйесінің элементі ретінде мем-

лекет мемлекеттік бюджет пен бюджеттен тыс қорлардың орталықтандырылған ақшалай қорларын қажетті мөлшерде қамтамасыз етеді.

Кеңейтілген ұдайы өндіріс қажеттіліктерін қанағаттандыруда бұл категориялар өзара алмастырылатын болуы мүмкін. Бірақ олардың арасындағы айырмашылық маңызды болып қалады.

Қаржы қоғамдық өнімді бөлу мен қайта бөлу процесіне қатысады, ал несие тек қана экономикалық субъектілердің кейінге қалдырылмайтын қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін уақытша бос ақшалай қаражаттарды қайта бөлуге қатысады.

Сонымен қатар, қаржы мен несиені пайдаланудың әдістері күрт ерекшеленеді: қаржыландыру ақысыз және қайтарымсыз, ал несие мерзімділік, ақылылық және қайтарымдылық, кепілдікпен қамтамасыз ету шартымен беріледі.

Қаржы мен несиенің негізгі жалпы белгілері болып олардың капиталдың ауыспалы айналымы мен ұдайы өндіріс процесінде пайдаланылуы табылады.

Бір ақша қатынасы қаржылық та (өйткені ақшаның мемлекет иелігінде екендігін білдіреді) және несиелік те (өйткені ақшаның мемлекет пайдасына қайтарымдылық шартындағы қозғалысын сипаттайды) болады. Сонымен қатар қаржы қатынастары несиелік болуы да, болмауы да мүмкін. Несие қатынастары қаржылық болуы да, болмауы да мүмкін. Азаматтар арасындағы қарыз қатынасы қаржылық болмайды. Тұлғалардың салықты салу бойынша қатынастары несие қатынастары болмайды, дегенмен шарт негізінде салықтық несие берілуі мүмкін. Мемлекеттік заем мен бюджеттік кредиттеу қатынастары қаржылық та, несиелік те болады. Осыған байланысты қаржы және несие – бұл әртүрлі категориялар бойынша және әртүрлі жіктелік топтардағы экономикалық категориялар.

Банктік несие қаржы жүйесі құрамына енеді және қаржылық құқық объектісі ретінде қарастырылады. Банк несиесін банктің ссудалық қорын қалыптастыру мен пайдалану жөніндегі экономикалық қатынастар жиынтығы және азаматтық-құқықтық шарт деп танылатын, банктік ссуда шартын жасау арқылы іске асырылатын банктік несиелеуді көрсететін, қаржы-экономикалық институт ретінде ерекшеленуі керек.

Қаржы және несие бір бірін өзара шарттастырады: несие кәсіпкерлік және әлеуметтік сфера субъектілерінің қаржы ресурстарын қалыптастыру көзі ретінде қызмет атқарады, ал қаражаттардың ауыспалы айналымына уақытша қатыспайтын қаржы ресурстары несие ресурстарын қалыптастырады.

Коммерциялық есеп пен өзін-өзі қаржыландыруды жүзеге асырудағы маңызды буын болып әртүрлі нысандағы ақшалай есеп айырысу табылады. Оларда баға, қаржы, несие, жалақы сияқты экономикалық категориялардың өзара әрекеті көрінеді.

Ақшалай есеп айырысуларда ақшаның айналыс құралы және төлем құралы ретіндегі функциялары пайдаланылады. Есеп айырысудың қаншалықты келісім шартына сәйкес уақтылы жүргізілгендігіне қаржы операцияларының уақтылы жүргізілуі, нысаналы қорлардың қалыптасуы, керекті қаржы ресурстарының керекті мөлшерде құрылуы тәуелді болады.

Шаруашылық субъектілерінің есеп айырысуы әрекеттегі ағымды және одан кейінгі қаржы қатынастарының алдында жүргізіледі. Бұл дебиторлық және кредиторлық қарыздар көрсеткіштерінің мөлшері бойынша көрінеді. Ол төлем пәнінің жағдайымен, тұтынушылардың төлем қабілеттілігімен анықталады, бір мезгілде кәсіпорындардың қаржылық жағдайын, олардың қаржылық тұрақтылығы мен ақшалай қорлар нысанындағы жаңа қаржы ресурстарын құру мүмкіншіліктерін шарттастырады.

Сақтандыру экономикалық категория ретінде қаржымен байланысты, өйткені жеке және заңды тұлғалардың мүлдіктік мүдделерін қорғау үшін және олардың қолайсыз оқиға түскендегі материалдық шығындарын өтеу үшін ақшалай қаражаттардың нысаналы қорларын қалыптастыру мен пайдалану жөніндегі қайта бөлу қатынастарының ерекше сферасын сипаттайды.

Осылайша, барлық аталған экономикалық категориялар ұдайы өндіріс циклының барлық сатыларында қаржы қатынастарын іске асыруға әрқайсысы өз мөлшерінде, қатысу нысанында, өз әдістері мен тәсілдерімен қатысады.

Қарастырылған экономикалық қатынастардың өзара әрекеті кеңейтілген ұдайы өндірісті басқаруда, оның барысын қадағалауда және оның тиімділігін ынталандыруда өзара байланыстырылған, кешенді тәсілді қажет ететіндігін дәлелдейді.



Бақылау сұрақтары:

1. Қоғамдық ұдайы өндірістегі қаржының мәні мен экономикалық мазмұнын ашыңыз.
2. Қаржы қатынастарының белгілерін атаңыз.
3. Қаржының объективті қажеттілігі неде?
4. Қаржы қатынастарының принциптерін анықтаңыз және оларға мінездеме беріңіз.
5. Қаржының басқа экономикалық категориялармен (бағамен, жалақымен, пайдамен, несиенімен, ақшалай есеп айырысумен, сақтандырумен) өзара байланысын түсіндіріңіз.
6. Кеңейтілген ұдайы өндірістің ақшалай бөлу қатынастары жүйесіндегі орны қандай?
7. Қаржының объективті қажеттілігі неде?
8. Қаржыны ұйымдастыру принциптерін атаңыз.
9. Қаржы қандай құндық категориялармен тығыз байланыста?
10. Қаржының басқалай экономикалық категориялармен өзара байланысының қажеттілігі немен шарттастырылған?